

ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың
Ғылыми-әдістемелік кеңесінің
2020 ж. «22» маусым мәжілісінің
№ 6 хаттамасымен бекітілген
Оқу ісі жөніндегі проректор
_____ А.К. Хикметов

**«8D03107-ПСИХОЛОГИЯ» МАМАНДЫҒЫ БОЙЫНША
PhD ДОКТОРАНТУРАҒА ТҮСУШІЛЕРГЕ АРНАЛҒАН
МАМАНДЫҚ БОЙЫНША ТҮСУ ЕМТИХАНЫНЫҢ
БАҒДАРЛАМАСЫ**

АЛМАТЫ 2020

Бағдарлама «8D03107-Психология» мамандығы бойынша мемлекеттік жалпы білім беру стандарты негізіне сәйкес жасалған. Бағдарламаны құрастырғандар: б.ғ.к., профессор м.а. Кустубаева А.М., PhD доктор, доцент м.а. Камзанова А.Т.

Бағдарлама жалпы және қолданбалы психология кафедрасының мәжілісінде қарастырылған

Хаттама № _____ « _____ » _____ 2020 ж.

Кафедра меңгерушісі _____ Мадалиева З.Б.

Философия және саясаттану факультеті әдістемелік бюро мәжілісінде мақұлданған

Хаттама № _____ « _____ » _____ 2020 ж.

Әдістемелік бюро төрайымы _____ Кабакова М.П.

Ғылыми Кеңес мәжілісінде бекітілген

хаттама № _____ « _____ » _____ 2020 ж

Ғылыми Кеңес төрайымы,

Факультет деканы _____ Масалимова А.Р.

МАЗМҰНЫ

1. «8D03107-ПСИХОЛОГИЯ» МАМАНДЫҒЫ БОЙЫНША ОҚУҒА ТҮСУ ЕМТИХАНЫНЫҢ МАҚСАТЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

«8D03107-Психология» мамандығы бойынша докторантураға оқуға түсу сынағы ғылыми-педагогикалық бағыт бойынша жүзеге асырылады.

«8D03107-Психология» мамандығы бойынша конкурстық таңдау шарттары әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Типтік бағдарламасы мен білім беру мемлекеттік стандарты негізінде анықталады.

Білімді ары қарай жалғастыру үшін (докторантура) жоғары оқу орнынан кейінгі ғылыми-педагогикалық білімді (магистратура) алғаны туралы диплом негіз болып табылады.

Оқуға түсу емтиханының мақсаты: магистратура бөлімінде бірінші деңгейде алған білім деңгейін, дағдылары мен мүмкіншіліктерін анықтап, докторантурада арнайы пәндер бойынша білім меңгеруі қабілеттерін анықтау болып табылады.

Оқуға түсу емтиханының формасы – аралас ауызша-жазбаша емтихан. Емтихан тапсырушы емтиханда берілген сұрақтарға жауаптарын арнайы қағазға жазып, комиссия мүшелеріне ауызша жауап береді. Апелляция жағдайында жұмысты қарастыру үшін жауап парағындағы жазбаша ақпарат қолданылады.

2. PhD ДОКТОРАНТУРАҒА ТҮСУШІ ТҮЛҒАЛАРДЫҢ БІЛІМ ДЕҢГЕЙІНЕ ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР:

«6M050300-Психология» мамандығы бойынша докторантураға оқуға түсушілер келесі құзіреттілікке ие болу қажет:

- психологиялық ғылымның даму бағыттары мен тенденциялары, жалпы қазіргі ғылымның дамуы туралы;

- қазақстандық және әлемдік психология ғылымының ғылыми мектептері туралы;

- психологиялық ғылым саласы бойынша халықаралық ғылыми іс-әрекет бағыттары туралы;

- психологиялық ғылымның қазіргі заман білімдері мен түсініктерін меңгеру, зерттеу саласының жүйелі түсінігін көрсету;

- білім берудің әлемдік стандартына сәйкес іргелі ғылыми дайындық болуы керек;

- ақпараттардың әлемдік ғылыми ағымында еркін бағыттала алатын қазіргі заман ғылымының барлық қасиеттерін меңгеру;

- докторанттың мамандану саласында, сонымен бірге психологиялық ғылымдардың негізгі бағыттарында жаңа және күрделі идеяларды сыни талдау, бағалау және салыстыру;

- ақпараттық ізденіс мәселелерін шешуде, өзіндік оқытуға, тұлғалық және кәсіби өсуге дайын болу.

3. БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ ПРЕРЕКВЕЗИТТЕРІ

1. KPTZhT 5301 Қазіргі психологияның тарихы, жағдайы, даму тенденциялары – 3 кредит
2. PKS 7203 Психологиядағы қазіргі статистика – 3 кредит
3. ZAT 7204 Зерттеу әдістері мен тәжірибе – 3 кредит

4. ЕМТИХАНҒА ДАЙЫНДЫҚ ҮШІН ПӘНДЕР БОЙЫНША ТАҚЫРЫПТАРДЫҢ ТІЗІМІ

«Қазіргі психологияның тарихы, жағдайы, даму тенденциялары» пәні

1. Пәні, міндеті, рөлі мен орны

«Қазіргі психологияның тарихы, жағдайы, даму тенденциялары» пәнінің жалпы сипаттамасы және басқа пәндердің арасында алатын орны мен рөлі. Курстың пәні, мақсаты және міндеттері. Психологияның тарихы психологиялық ойлардың қалыптасуына алғы шарт ретінде. Психология тарихының қазіргі заманғы мәселелермен байланысы.

2. Психология тарихы психологиялық білім құрылымының көрінісі ретінде

Психологиялық ғылымның тарихы психология пәнінің эволюциясы ретінде. Әр түрлі психологиялық мектептердің дамуы. Сана психология ғылымының пәні ретінде қалыптасуы мен дамуы.

3. Танымның ғылыми зерттеу әдісіне қойылатын талаптар және психология тарихындағы оның жүзеге асырылуы.

Интроспективті психологиядағы дағдарыс психология әдіснамасындағы алғашқы табиғи-ғылыми дағдарыс ретінде. «Түйсіну» психологиясы және интроспективті психологияның академизмі. Объективтілік мәселесі және санаға табиғи бағыттың сыны. Зерттеу пәні мен объектісін модельдеу мәселесі.

4. Эксперимент және ғылыми психологияның қалыптасуы

Табиғи таным заңы және эксперимент. Ғылымдағы дәлелдер мен жоққа шығарулар. Психотехникалық жұмыстар аясындағы лабораториялық эксперименттегі өзіндік бақылау. «Сананың жанама тәжірибесі» психология пәні ретінде. «Стимул қатесі» ұғымы және өзіндік бақылау мәселелері.

5. Бихевиоризмдегі ғылыми зерттеудің дамуы және қайнар көзі.

Бихевиоризмнің қалыптасу тарихы. У. Джеймс және Дж. Дьюи функционализмі. Р. Вудвортстың «Динамикалық психологиясы» және Э. Торндайктың протобихевиоризмі. И.М.Сеченов, В.М.Бехтерев және И.П.Павловтың бихевиоризмге табиғи-ғылыми алғышарттары. Дж. Уотсонның «Радикалды бихевиоризмінен» Б. Скиннердің «ортодоксальді бихевиоризміне» дейін.

6. Гештальпсихологияның дамуы және қайнар көзі

Сократ, Платон, Аристотель жұмыстарындағы тұтастылық идеясы. В.Вундтың «апперцепция» ұғымы және Ахтың «детерминация тенденциясы». «Гештальт» - қабылдау мен ойлау жүйелілігін қалыптастырушы фактор. Гештальтпсихологиядағы шығармашылық ойлау мәселесі.

7. К. Левин еңбектеріндегі тұтастылық идеясы

Эксперименттік жағдайлардың диалогиялық мәселесі. Эксперименттік генезис мәселесі. К. Левин зерттеулеріндегі орын алатын «классикалық емес» жағдайлар.

8. Психоанализ психология дамуындағы тәжірибеге бағдарланған бағыт ретінде

Психоанализдің пайда болуындағы тарихи жағдайлар. Психоанализдің қалыптасу кезіндегі З.Фрейдтің алатын орны мен тұлғасы. Тәуелсіз ассоциациялар әдісі және оның психоанализдің қалыптасуы мен дамуында алатын орны. Психоанализ зерттеу және психотерапевттік әдістердің бірлігі ретінде. Психоанализдегі неофрейдизм және психотерапевттік процедураның даму тенденциялары.

9. Когнитивті психология тарихы, жағдайы және тенденциясы

Танымдық процесстердің жалпы сипаттамасы ақпаратты өңдеудің әр түрлі деңгейі ретінде. «Түйсік және қабылдау», «ес және ойлау» жүйешелеріндегі ақпаратты өңдеудегі бұрмаланудың спецификалық ерекшеліктері. Танымдық процесстер іс-әрекеттің әр түрі ретінде. Субъективизм әр түрлі танымдық іс-әрекеттің функциясы ретінде.

10. XX ғасырдағы Л.С. Выготский идеяларының дамуы

Психиканың әлеуметтік детерминациясы философиялық мәселе және эксперименттік зерттеу ретінде. Психологияның классикалық мәселелеріне Л.С. Выготский классикалық емес бағыты. «Адамның жоғарғы психикалық функциясы» және оның генезисін зерттеу міндеттері. «Даму» табиғи емес процесс ретінде. Мәдени-тарихи психологиядағы бірлікті талдау мәселесі.

11. Психологиядағы жүйелік-іс-әрекеттік бағыттың тарихи алғы шарттары мен гносеологиялық негіздері

Психологиядағы жүйелік-іс-әрекеттік бағыттың қалыптасуына Л.С. Выготскийдің мәдени-тарихи даму концепциясының әсері. С.Л. Рубинштейннің сана және іс-әрекет бірлігі психикалық құбылысты талдаудағы жаңа бағыт ретінде. Психологиядағы іс-әрекеттік бағыттың дамуында орын алатын заттылық және даму ұстанымдары.

12. Іс-әрекет дамуының жалпыпсихологиялық концепциясы

Аристотельдің «энтелехиясынан» іс-әрекет категориясына дейін. Психологиялық ойлар семантикалық кеңістігіндегі А.Н. Леонтьевтің мектебі. Іс-әрекетті талдаудағы қазіргі заманғы бағыттар. Іс-әрекет психология пәні және психология ғылымының категориясы ретінде. А.Н. Леонтьевтің идеясы және мектебі.

13. Іс-әрекеттік концепциясында сана және тұлға дамуы

Индивидуалды сана шындық жүйесі ретінде. Тұрмыстық шындық құрылымы. Индивидуалды сананы эксперименттік зерттеу міндеттері. Ойлау

психологиясындағы іс-әрекеттік бағыттың дамуы. Саналанған әрекет мәселесі. Жүйелі қасиеттер мен іс-әрекеттік сипаттамалардың өзара байланысы.

14. Танымдық процестерді жүйелік-іс-әрекеттік талдау мәселесі

Іс-әрекет танымдық процесстер жүйесін қалыптастырушы фактор ретінде. Перцептивті әрекет құрылымы. Ес ерекшеліктері мнемоникалық іс-әрекет ретінде. Танымдық іс-әрекет ерекше психологиялық жүйе ретінде. А.Н. Леонтьевтің психологиядағы іс-әрекет теориясы және білім берудің гуманизациясы. Онтогенездегі танымдық іс-әрекеттің даму кезеңдері.

15. Іс-әрекеттік бағыттың жаңа түсіндірмелі мүмкіншіліктері

Тұлғаның «нормадан тыс белсенділігі» жалпы және әлеуметтік психологияның мәселесі ретінде. Нормадан тыс белсенділіктің қалыптасқан психологиялық механизмдері. Нормадан тыс белсенділіктің көріністерінің әр түрлілігі. Нормадан тыс белсенділік мағына қалыптасу жүйелерінің нәтижесі ретінде. Бірінші қабілеттің қалыптасуы бірлескен іс-әрекет қызметі ретінде.

16. Бихевиористтік эксперименттегі табиғи-ғылыми әдіс талаптарының жүзеге асырылуы

Эксперимент құрылымы. Мәселелік жағдай ұғымы және оны ұйымдастыру. Мәселелік жағдайға қатысты реакция. Эксперименттік мәліметтердің қарама-қайшылығы және бихевиористтік теориялық сызба: Толмен эксперименті. Необихевиоризмнің жағдайы және дамуы. Мінез-құлықтық психотерапияның дамуы және қалыптасуы.

17. Гештальпсихологиядағы шығармашылық ойлау мәселесі

«Феноменалды өріс» ұғымы. «Сыртқа сөйлеу» әдіс идеясы. К.Дункер жұмысындағы «мәселені шешу» процесінің дамуы. «Сыналушы-экспериментатор» диадасындағы диалог мәселені шешу процесін талдау ретінде. Дункер зерттеуіндегі классикалық емес жағдайлар ситуациясы. Гештальт-психология гештальт-терапияның қалыптасуы мен дамуына алғы шарт ретінде.

18. Тұлға субъективтілік интеграторы ретінде

Субъективизм танымдық іс-әрекеттің әр түрлі қызметі ретінде. Тұлғаның танымдық сферасындағы субъективизм ақпаратты өңдеу ретінде. Танымдық іс-әрекеттегі субъективизм мәселені шешу ретінде. Когнитивті психотерапияның қалыптасуы мен дамуы.

19. Іс-әрекеттік бағыттың ұғымдық аппараты

«Іс-әрекет» категориясы туралы қазіргі заманғы ойлар. «Іс-әрекет» ұғым беделі. Іс-әрекеттің ішкі және сыртқы жүйе қалыптастырушы факторы. Іс-әрекет құрылымы және іс-әрекеттің даму мәселесі. Мағына қалыптастыру, мотив қалыптастыру және мақсат қалыптастыру жүйе қалыптастырушы фактор ретінде.

20. Іс-әрекет психологиялық талдау жүйесі ретінде

Іс-әрекет іс-әрекет субъектісі мен шындық арасындағы белсенділік формасы ретінде. Операционалды, когнитивті және интимді-тұлғалық бірліктер іс-әрекетті талдау ретінде. Іс-әрекеттің ақпараттық негізінің қалыптасу мәселесі.

21. Псевдоиндивидуалды іс-әрекет нормадан тыс белсенділіктің көріну формасы ретінде

Псевдоиндивидуалды іс-әрекет қабілет нышандарын қалыптастырудағы алғашқы шарттар. Алғашқы қабілеттердің қалыптасуы бірлескен іс-әрекеттің қалыптасу қызметі ретінде. Индивидуалды іс-әрекет – қабілет қалыптастырушы процесстің аяқталған индикаторы. Бірлескен-индивидуалды іс-әрекет қабілеттерді жетілдіру шарты ретінде. Индивидуалды-бірлескен іс-әрекеттің дамуы. Дарындылық пен таланттың психологиялық мәселелері.

22. Зерттеу пәні мен объектісін модельдеу мәселесі

Эмпирикалық білім және теориялар жүйесіндегі білім. Қарым-қатынас жүйеқалыптастырушы фактор ретінде. Теориялық ұғымдардың қалыптасуы.

23. А.Н. Леонтьевтің іс-әрекет психологиялық теориясы

Онтогенездегі танымдық іс-әрекеттің даму кезеңдері. Қарым-қатынас жүйеқалыптастырушы фактор ретінде танымдық іс-әрекет дамуының кезеңі. Мағына қалыптастырушының жалпы фонды. Бірлескен-диалогтық танымдық іс-әрекет мағынақалыптастырушы фактор ретінде.

24. Эксперименттік жағдайлардың диалогтік мәселесі

Моделдеудің псевдо-диалогтық және псевдо-бірлескен формалары. Жағдай құрылымына экспериментатордың қосылуы. «Тұтастықтан» «Заттылыққа» дейінгі және «Валентілікке» дейін.

25. Мәселелік жағдай ұғымы және оны ұйымдастыру

Мәселелік жағдайға реакция сыртқы бақыланатын мінез-құлық ретінде. Эксперименттік мәліметтердің қарама-қайшылығы және бихевиористтік теориялық сызба: Толмен эксперименті. Необихевиоризмнің жағдайы және дамуы. Мінез-құлықтық психотерапияның дамуы және қалыптасуы.

«Психологиядағы қазіргі статистика» пәні

1. Қазіргі статистиканың негізгі түсініктері

Өлшеу шкалалары. Атаулар шкаласы (аталу шкаласы). Реттік (рангтық, қарапайым шкала). Дәрежелі ережесі. Дәрежеліудің дұрыстығын тексеру. Бірдей рангтер жағдайы. Интервалдар шкаласы. Қатынастар шкаласы. Басты жиынтық. Таңдамалы. Толық зерттеу.

2. Тәуелді және тәуелсіз таңдамалылар

Таңдамалыларға қойылатын талап. Таңдамалылардың репрезентативтілігі. Репрезентативті таңдамалыларды қалыптастыру мен көлемі. Топтастыру. Статистикалық кестелер. Статистикалық қатарлар: вариациялық қатарлар, регрессия қатарлары және белгілердің дәрежеліу мәнінің қатарлары. Жиілік полигоны және гистограмма. Бөлу түсінігі. Компьютерде өңдеу.

3. Сипаттау статистикасы

Сипаттау статистикасы экспериментте немесе бақылау кезінде алынған алғашық нәтижелерді жалпылауға мүкіндік береді. Бұл процедураларда олардың мәніне, жиілігіне, бөлудің орталық тенденциясын анықтау (мысалы, арифметикалық орта) және соңында табылған орталық тенденцияға деген

катынаста мәліметтерді таратуды бағалау бойынша мәліметтер топтастырылып көрінеді.

Мәліметтерді топтастыру. Жиіліктерді бөлу. Гистограмма. Жиіліктерді бөлу полигондары. Қисық қалыпты бөлу. Орталық тенденцияны бағалау. Мода. Биомодальды бөлу. Медиана. Орта арифметикалық. Таратуды бағалау. Орташа ауытқу. Варианс. Стандартты ауытқу.

4. Индуктивті статистика

Индуктивті статистиканың міндеті екі таңдамалының бір популяцияға қаншалықты қатысты екенін анықтау. Болжамды тексеру. Нөлдік болжам (H_0). Альтернативтік болжам (H_x). Сенімділік деңгейі (маңыздылығы). Ықтималдылық табалдырығы. Параметрлік әдістер: Стьюдент әдісі (f-тест); Еркіндік дәрежесі; Еркіндік дәреже саны; тәуелді таңдамалылар үшін Стьюдент әдісі; Дисперсиялық талдау (F Снедекор тесті). Параметрлік емес әдістер: χ^2 әдісі («хи-квадрат»); Теориялық жиіліктер (T); Белгілер критерийі (биномиальді критерий). Басқа параметрлік емес критерийлер: ранг критерийлері; U тесті (Манна-Уитни); Вилкоксонның T-тесті.

5. Ереже, өзгермелі және орталық тенденция өлшемдері

Орталық тенденция өлшемдері. Мода. Медиана. Арифметикалық орта. Орталық тенденция өлшемдерін таңдау. Ереже өлшемі. Бөлудің квантили. Өзгеру өлшемдері. Таңдамалыларды тарату. Дисперсия. Стандартты ауытқу. Асимметрия. Экссесс. Еркіндік дәрежесі. Компьютерде өңдеу.

6. Статистикалық болжамды тексеру теориясының негізгі түсініктері

Болжам (ғылыми және статистикалық). Нөлдік және альтернативтік болжамдар. Бағытталған және бағытталмаған болжамдар. I және II түрлердің қателіктері. Нөлдік болжамды тексерудің статистикалық критерийлері. Критерийлер қуаты. Критерийдің байқалатын мәндері. Критикалық аймақ. Жорамалды қабылдау аймағы. Критикалық нүктелер. Статистикалық мәнділік деңгейі түсінігі. Статистикалық шешім қабылдау кезеңі. Статистикалық әдістер арқылы орындалатын психологиялық тапсырмалардың жіктелуі.

7. Параметрлік критерийлер

Стьюденттің t критерийі бір таңдамалы үшін. Стьюденттің t критерийі тәуелсіздер үшін. Стьюденттің t критерийі. Фишердің F критерийі. Компьютерде өңдеу.

8. Параметрлік емес критерийлер

Сравнение двух независимых выборок: критерий U-Манна-Уитни. Сравнение двух зависимых выборок: критерий T- Вилкоксона. Сравнение более двух независимых выборок: критерий H- Краскала-Уоллеса. Сравнение более двух зависимых выборок: критерий χ^2 - Фридмана. Q-критерий Розенбаума. S-критерий тенденций Джонкира. G-критерий знаков. L-критерий тенденций Пейджа. χ^2 – критерий Пирсона. λ – критерий Колмогорова- Смирнова. Компьютерде өңдеу.

9. Корреляция коэффициенттері

Корреляция түсінігі. Пирсонның корреляция коэффициенті. Корреляция, регрессия және детерминация коэффициенті. Жеке корреляция. Рангті корреляция: Спирмен, Кендал. Байланысты (бірдей) рангтер мәселесі. Бинарлық мәліметтер корреляциясы. Корреляция мәні мен байланыс күші. Қалыптыдан ауытқу және бөлу. «Үшінші» ауыспалының ықпалы. Сызықты емес байланыстар. Корреляция коэффициентік таңдау.

10. Корреляциялық талдау

Корреляциялық талдауды анықтауда мыналар, яғни бір таңдамалыда екі көрсеткіштің (мысалы, балалардың бойы мен салмағы арасында немесе мектеп үлгерімі мен IQ деңгейінің арасында) немесе екі әртүрлі таңдамалылар арасында (мысалы, егіздер жұбын салыстыру кезінде) қандайда бір байланыс бар ма, ал егер бұл байланыс болса, онда көрсеткіштердің жоғарылауы (оң корреляция) немесе төмендеуі (теріс корреляция) көрінеді ме соны қарастырады. Басқаша сөзбен айтқанда, корреляциялық талдау бір көрсеткіштің мүмкін мәндерін басқаларының мәнін біле отырып болжауға көмектеседі.

Корреляция коэффициенті: Браве-Пирсон корреляция коэффициенті; Спирменнің рангтық корреляция коэффициенті. Факторлық және кластерлік талдаулар.

11.Регрессиялық талдау

Сызықтық регрессия. Множественная линейная регрессия. Оценка уровней значимости коэффициентов регрессионного уравнения. Нелинейная регрессия. Компьютерде өңдеу.

12. Факторлық талдау

Математикалық-статистикалық идеялар және әдіс мәселелері. Басты компонентті талдау және факторлық талдау. Факторлық талдау жүйелілігі. Сандық факторлар мәселесі. Жалпылау мәселесі. Айналу және интерпретация мәселесі. Факторлардың 9 мәнін бағалау мәселесі. Психологияда факторлық талдауды қолдану. Компьютерде өңдеу.

13. Дисперсиялық талдау

ANOVA сипаты мен жалпы түсінігі. Бір факторлы ANOVA. «Жылдам» әдістер – дисперсионды талдау критерилері. Линк және Уоллес критерилері. Немени критеріі. ANOVA-да бірнеше рет салыстыру. Қайталанатын өзгерістермен ANOVA. Көп өлшемді ANOVA (MANOVA). Компьютерде өңдеу.

14. Кластерлік талдау

Кластерлік талдау әдістері. Объектілерді кластерлік талдау. Социометрия нәтижелерін кластерлік талдау. Компьютерде өңдеу: айырмашылықтарды кластерлік талдау.

15. Талдаудың статистикалық әдісі бойынша компьютерлік бағдарлама

SPSS бағдарламасының тарихы. Мәліметтерді дайындау. Жиілік талдау. Мәліметтерді таңдау. Мәліметтер модификациясы. Статистикалық сипаттамалар. Мәліметтерді зерттеу. Түйісу кестесі. Көп жауаптарды талдау. Орта есеппен салыстыру. Параметрлік емес тестер. Корреляциялар.

Регрессиялық талдау. Дисперсиялық талдау. Дискриминантты талдау. Факторлық талдау. Кластерлік талдау. Стандартты графиктер.

16. Сенімділігін талдау

Әдістің сипаттамасы. Альфа коэффициенті. Жарты ыдырау сенімділігі. Компьютерде өңдеу.

«Зерттеу әдістері мен тәжірибе» пәні

1. Эмпирикалық психологиялық зерттеуде әдіснаманы қолдану ұғымы

Ғылым, теория, әдіснама, әдіс және әдістеме анықтамасы. Эксперименттік психологияның әдіснамалық ұстанымдары. Зерттеудің ғылыми әдістері, оның негізгі нормативтері: жоспарлаудың стандарты және зерттеуді жүргізу, нормативті ғылыми ойлау.

2. Ғылыми теория құрылымы

Теория түрлері: құрылуы бойынша (аксиомалық және болжамды-дедуктивтік), ұйымдасу формасы бойынша (сапалық, формализацияланған, формальді). Ғылыми теория және болжамдар. Эмпирикалық және ғылыми фактілердің ара қатынасы. Зерттеудің негізгі ғылыми әдістері және оның валидтіліктерінің түрлері. Зерттеудің теориялық әдістері. Теориялық және ойкөрушілік әдістер. Практикалық этика және практикалық психология кәсіби іс-әрекет ретінде.

3. Ғылыми зерттеу және ғылыми ойлаудың нормативтері

Ғылым туралы ұғым. Абсолютті және қатысты шындық. Эмпирикалық зерттеу. Теориялық зерттеу. Мақсаты бойынша ғылыми зерттеулердің жіктемесі: ізденуші, критикалық, нақтылаушы, қайта жаңғыртаушы. Эксперименттік психологияның әдіснамалық мәселелері: эксперименттік мәліметтерді интерпретациялау мәселесі, нәтижелерді қайта жаңғырту мәселесі.

4. Ғылыми зерттеу парадигмасы туралы ұғым

Қазіргі заманғы табиғаттанудың негізгі парадигмалары. Табиғаттану парадигмаларының жетістіктері мен кемшіліктері. Гуманитарлы парадигмаларының жетістіктері мен кемшіліктері. Ғылыми зерттеуді құрудағы интегративті-электикалық бағыт.

5. Психологиялық зерттеудегі эксперименттік әдістің мәні

Психологияда эксперименттік әдісті қолданудың тарихи алғы шарттары. Эксперимент және ғылыми психологияның қалыптасуы. В.Вундтпен жасалған эксперименттік әдістің критерийлері. Эмпирикалық психологиялық зерттеулердегі объективті әдістің құрылу мәселесі (Г. Эббенгауз).

6. Эксперимент ұғымы және оның бақылаудан айырмашылығы

Психологиялық эксперимент түрлері: лабораториялық (классикалық, психометрия), табиғи, психоло-педагогикалық (констатациялық, қалыптастырушы). Эксперимент айнымалыларды манипуляциялаушы ретінде (Д. Кэмпбэлл). Эксперименттік психологиялық зерттеу белгілері (Р.С. Немов)

7. Психологиялық экспериментті ұйымдастыру

Ғылыми психологиялық зерттеу психологиясының мәселесі ұғымы. Жіктелген ғылыми мәселе кезеңдері (В.Н. Дружинин). Зерттеу объектісі мен пәні ұғымы. Зерттеудің мақсаты мен міндеттері ұғымы.

8. Психологиялық эксперименттегі айнымалылар және оны өлшеу

Психологиядағы өлшеу ұғымы. С.С. Паповян бойынша психологиялық өлшеулің жіктемесі. Тәуелді және тәуелсіз айнымалылар. Айнымалылар арасындағы қатынас.

9. Айнымалылардың функционалды тәуелділігі мен өзара байланысы

Психологиялық шкалалау. С. Стивенс бойынша айнымалыларды өлшеу шкаласы. Психофизикадағы өлшеу. Психофизикалық заңдылықтар. Психологиялық өлшеу әдісі ұғымы. Психологиядағы өлшеу әдістерінің негізгі сипаттамалары. Психофизикалық эксперимент.

10. Экспериментатор іс-әрекеті және сыналушылардың мінез-құлқы

Жеке топтармен немесе сыналушылармен жүргізілетін эксперимент. Зерттеудегі таңдау тобының қалыптасуы және оның үш критерийі. Таңдау санына қойылатын талаптар. Таңдау репрезентативтілігі ұғымы. Рандомизация «таңдау эффективтілігін» басқару тәсілі ретінде.

11. Зерттеу нәтижелерін тағайындау

Нәтижелерді бақылау психологиялық болжамды эксперименттік зерттеудегі бітіруші кезең ретінде. Психологиялық болжамды тексерудегі статистикалық қорытынды.

12. Зерттеу нәтижелерін тағайындау

Нәтижелерді жалпылау мәселесі: объектілерге қатысты; биологиялық сипаттамалар, әлеуми-мәдени ерекшеліктер бойынша; зерттеу шартына байланысты. Д. Кэмпбелл бойынша қосымша айнымалылардың артефактілердің қайнар көзі ретіндегі мәселесі.

13. Психология ғылымының әр түрлі салаларындағы эксперимент және оны ұйымдастыру

Психологиялық эксперименттің құрылымдық-әдіснамалық сызбасы. Жалпы психология және психофизиологиядағы эксперимент. Психологиядағы салалық эксперимент. Жасерекшелік психологиядағы эксперимент. Әлеуметтік психологиядағы эксперимент (Милграма эксперименті, Филипп Д. Зимбардоның Стэнфорд түрмелік эксперименті).

14. Тұлғаны және топты эксперименттік зерттеу

Тұлғаны эксперименттік зерттеу. Тұлғаны тікелей зерттеу жасаудың дамуы. К. Левиннің тұлғаны зерттеу жұмыстары. Тікелей әдістерді қолдану арқылы бала тұлғасын зерттеу.

15. Психологиялық эксперимент және оны өлшеу

Эксперимент айнымалыларды манипуляциялаушы ретінде (Д. Кэмпбэлл). Эксперименттік психологиялық зерттеу белгілері (Р.С. Немов). Психологиядағы өлшеу ұғымы. С.С. Паповян бойынша психологиялық өлшеулің жіктемесі. Тәуелді және тәуелсіз айнымалылар. Айнымалылар арасындағы қатынас.

16. Сыналушылардың мінез-құлқы

Эксперименттегі экспериментатордың іс-әрекеті. Экспериментатор мен сыналушылардың арасындағы қатынасқа әсер етуші жағдайлар эксперимент нәтижесін бұрмалаушы факторлар ретінде (С. Розенцвейг).

17. Психологиялық эксперименттің этикасы

Психологтың этикалық ұстанымдары және мінез-құлық кодексі. Экспериментатордың құзыреттілігі және шынайылығы. Экспериментке балалар мен кәмелетке толмаған жасөспірімдердің қатысуы. Зерттеуде жануарлардың қатысуы және оларға қарау. Әлеуметтік жауапкершілік. Жеке және зерттеушілік жауапкершілік.

18. Эксперимент процедурасы және эмпирикалық мәліметтерді жинақтау

Эмпирикалық мәліметтерді жинақтау кезіндегі есеп беруді ұйымдастыру. Эксперименттік мәліметтерді жасау. Құрал-жабдық және стимулдық мәліметтер. Нұсқау және постэксперименттік сауалнама. Эксперимент хаттамасы және эксперименттік журнал.

19. Психологиядағы корреляциялық зерттеу

Корреляциялық зерттеу ұғымы. Корреляциялық зерттеулердің қолдану аясы. Корреляциялық зерттеудегі айнымалылар. Айнымалылар арасындағы корреляциялық байланысты интерпретациялау. Корреляциялық зерттеудің негізгі түрлері: қарапайым, салыстырмалы, құрылымдық. Салыстырмалы корреляциялық зерттеудегі топтардың стратегиясын қалыптастыру.

20. Зерттеу нәтижелерін көрсету

Ғылыми презентациялардың негізгі формасы. Эксперименттік есеп берудің құрылымы. Ғылыми психологиялық текстілердегі хаттың академиялық стилі.

21. Эксперименттің құрылу мәселесі және болжамдар шығару

Психологиялық эксперименттегі тексерілетін болжамдар түрі. Теориялық, эмпирикалық және статистикалық болжам. Эксперименттік болжам, контрболжамдар және бәсеке болжамдар. Конструктілерді операцияландырау ұғымы. Ғылыми мәселелердің негізгі қайнар көздері. Бақылау және өзіндік бақылау. Теория. Әдебиеттерде сипатталған эксперименттер. Кәсіби қарым-қатынас.

22. Ғылыми психологиялық зерттеудің әдіснамалық негізі

Ғылым, теория, әдіснама, әдіс және әдістеме анықтамасы. Эксперименттік психологияның әдіснамалық ұстанымдары. Зерттеудің ғылыми әдістері, оның негізгі нормативтері: жоспарлаудың стандарты және зерттеуді жүргізу, нормативті ғылыми ойлау.

23. Жалпы психология және психофизиологиядағы эксперимент

Психологиялық эксперименттердің құрылымдық-әдіснамалық сызбасы. Жалпы психология және психофизиологиядағы эксперимент. Психологиядағы салалық эксперимент. Жасерекшелік психологиядағы эксперимент. Әлеуметтік психологиядағы эксперимент.

24. Ғылыми зерттеу әдісі және оның негізгі нормативтері

Зерттеудің ғылыми әдістері, оның негізгі нормативтері: жоспарлаудың стандарты және зерттеуді жүргізу, нормативті ғылыми ойлау. Ғылым туралы ұғым. Абсолютті және қатысты шындық. Эмпирикалық зерттеу. Теориялық зерттеу.

25. Психологиялық экспериментті жүргізу

Зерттеудің өзектілігі ұғымы, теориялық және тәжірибелік маңыздылығы. Мазмұнды жоспарлау және эксперименттің типін таңдау. Эксперименттік психологиялық зерттеудің логикалық сызбасы.

5. ҰСЫНЫЛАТЫН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

«Қазіргі психологияның тарихы, жағдайы, даму бағыттары» пәні Әдебиеттер тізімі

Негізгі:

1. Fancher, R.E.(1996). *Pioneers of psychology* (3rd edn). New York: Norton.
2. Miller, G. (1966). *Psychology: the science of mental life*. London: Penguin.
3. Benjamin, L.T. (1996). *A history of psychology*. New York: McGraw-Hill.
4. Jones, D., & Elcock, J. (2001). *History and theories of psychology: a critical perspective*. London: Arnold.

Қосымша:

1. Abd al-Rahman al Naqib (1993). *Ibn Sina. Prospects: The Quarterly Review of Comparative Education*. XXIII, 1 &2. vol. 93. 53-69.
2. Bruner, J. (1960). *The process of education*. Boston: Wiley.
3. Christensen, L. (1988). *Experimental Methodology*. San Francisco: Wiley.
4. Dewey, J. (1922). *Human Nature and Conduct*. New York: Henry Holt and Company.
5. *History of Psychology: A TimeLine of psychological ideas* (2006). Marcos Emanoel Pereira Universidade Federal da Bahia, Brazil.
6. Hunt, M. (1993). *The Story of Psychology*, New York: MacMillan.
7. Saljo, R. (1979). *Learning in the learner's perspective: I. Some common-sense conceptions*. Reports from the Institute of Education. University of Gothenberg, 76.
8. Lefrancois, GH. (1982), *Psychology for Teaching*, Belmont, CA: Wadsworth Publishing Company.
9. Levin, J. (2004). *Functionalism*. Stanford Encyclopaedia of Philosophy. <http://plato.stanford.edu/entries/functionalism/>
10. Vernon, D. (2008). *What is cognition? One view of cognitive systems*. Khalifa University of Science, Technology, and Research UAE
11. Wade, C. & Tavris, C. (2002). *Psychology* (7th ed.). Upper Saddle River, NJ: Prentice Hall.
12. Wagner, K (2008). *What is cognition?* About.com: Psychology. The New York Times Company.

«Психологиядағы қазіргі статистика» пәні

Әдебиеттер тізімі

Негізгі:

1. Вероятностные разделы математики / Под ред. Ю. Д. Максимова. Спб.: «Иван Фёдоров», 2014.— С.400.— 592с.— [ISBN 5-81940-050-X](#).
2. Вероятность и математическая статистика. Энциклопедия / Гл. ред. Ю.В.Прохоров.— М.: Изд-во «Большая Российская Энциклопедия», 2013.
3. Сидоренко Е.В. Методы математической обработки в психологии. С-П, 2014, 350 с.
4. Глас Дж., Стенли Дж. Статистические методы в педагогике и психологии. М.: Прогресс, 2006
5. Захаров В.П. Применение математических методов в социально-психологических исследованиях. Л: ЛГУ, 2013
6. Суходольский Г.В. Основы математической статистики для психологов. Л.: ЛГУ, 2002, 420 с.

Қосымша:

1. Акчурин И.А., Веденов М.Ф., Сачков Ю.В. О методологических проблемах математического моделирования в биологии. – В кн.: Математическое моделирование жизненных процессов. М.: Мысль, 2008, с. 7-44.
2. Амосов Н.М. Моделирование сложных систем. Киев: Наук. думка, 2008. 88 с.
3. Аткинсон Р., Бауэр Г., Кротерс Э. Введение в математическую теорию обучения. М.: Мысль, 2013. 486 с.
4. Брушлинский А.В. Основные проблемы и перспективы математизации психологии мышления. – Вопр. психологии, 2011, № 1, с. 3-11.
5. Вайнберг Дж., Шумекер Дж. Статистика. М.: Статистика, 2009. 389 с.
6. Джонстон Дж. Экономические методы. М.: Статистика, 1980. 444 с.
7. Крылов В.Ю. Методологические и теоретические проблемы математической психологии / В.Ю. Крылов. - М., 2000. - 384 с.
8. Байдлих, В. Социодинамика. Системный подход к математическому моделированию в социальных науках / В. Байдлих. - М., 2004.
9. Глинский, Б.А. Моделирование как метод научного исследования / Б.А. Глинский, Б.С. Грязнов, Б.С. Дынин. - М., 2005.
10. Никандров, В.В. Метод моделирования в психологии: учеб. пособие / В.В. Никандров. - СПб. : Речь, 2003. - 55 с.
11. Ричардсон Т.Э. Джон Мысленные образы: Когнитивный подход / Пер. с англ. – М.: «Когито-Центр», 2006.
12. Саймон Г. Науки об искусственном. М., 2004
13. Серл Дж. Открывая сознание заново. М., 2002
14. Тихомиров О.К. Психология мышления. М., 1984
15. Тьюринг А. Может ли машина мыслить? М., 1960.
16. Хомский Н. Язык и мышление. - М., 1972
17. Хомский Н. О природе и языке. М., 2005.
18. Sternberg R.J. Cognitive Psychology. -N.-Y., 1999

19. Eysenk M.W. Handbook of cognitive psychology.L., 1984.

«Зерттеу әдістері мен тәжірибе» пәні

Әдебиеттер тізімі

Негізгі:

1. Анастаси А. Психологическое тестирование. М.,1982.
2. Годфруа Ж. Что такое психология? М.,1992.
3. Готтсданкер Р. Основы психологического эксперимента. М.,1982.

Қосымша:

1. Дружинин В.Н. Экспериментальная психология. СПб.,2000.
2. Куликов Л.В. Психологическое исследование. СПб.,1994.
3. Ганзен В.А. Системные описания в психологии. Л.,1984.
4. Клайн П. Справочное руководство по конструированию тестов. Киев,1994.
5. Налимов В.В. Теория эксперимента. М.,1971.
6. Кун Т. Структура научных революций. М.,1983.
7. Поппер К. Логика и рост научного знания. М.,1983.
8. Лакатос И. Доказательность и опровержение. М.,1967.
9. Фейерабенд П. Избранные труды по методологии науки. М.,1986.
- 10.Pashler, H. (Ed)(2002) *Stevens' Handbook of Experimental Psychology*; New York: Wiley

6. ӘР ПӘН БОЙЫНША ЕМТИХАН НӘТИЖЕЛЕРІН БАҒАЛАУ ШКАЛАСЫ

Әріптік жүйе бойынша бағалау	Балдардың сандық эквиваленті	% мәні	Дәстүрлі жүйе бойынша бағалау
A	4,0	95-100	Өте жақсы
A-	3,67	90-94	
B+	3,33	85-89	Жақсы
B	3,0	80-84	
B-	2,67	75-79	
C+	2,33	70-74	Қанағаттанарлық
C	2,0	65-69	
C-	1,67	60-64	
D+	1,33	55-59	
D-	1,0	50-54	Қанағаттанарлықсыз
F	0	0-49	
I (Incomplete)	-	-	Пән аяқталмаған (GPA есептеу кезінде есептелінбейді)
P	-	-	«Есептелінді»

(Pass)			<i>(GPA есептеу кезінде есептелінбейді)</i>
NP (No Pass)	-	-	«Есептелінбейді» <i>(GPA есептеу кезінде есептелінбейді)</i>
W (Withdrawal)	-	-	«Пәннен бас тарту» <i>(GPA есептеу кезінде есептелінбейді)</i>
AW (Academic Withdrawal)			Пәннен академиялық себеп бойынша алып тастау <i>(GPA есептеу кезінде есептелінбейді)</i>
AU (Audit)	-	-	«Пән тыңдалды» <i>(GPA есептеу кезінде есептелінбейді)</i>
Атт-ған		30-60 50-100	Аттестатталған
Атт-маған		0-29 0-49	Аттестатталмаған
R (Retake)	-	-	Пәнді қайта оқу

Әр пән бойынша емтихан нәтижелерін бағалау шкаласы

Шкала, балдар	Баға 1-сұрақ	Баға 2- сұрақ	Баға 3- сұрақ
90-100 өте жақсы	26-30	32-35	32-35
75-89 жақсы	23-27	26-31	26-31
50-74 қанағаттанарлық	14-22	18-26	18-26
0-49 қанағаттанарлықсыз	0-15	0-17	0-17

Оқуға түсу емтихан нәтижесін бағалау критерийі:

Оқуға түсетін емтихан пәндері бойынша емтиханды бағалауға қойылатын талаптарды анықтау барысында келесі критерилерге сүйену ұсынылады:

– «**өте жақсы**» бағасына студент бағдарламаның материалын түбегейлі, жан жақты, жүйелі түрде білген уақытта, тапсырмаларды еркін орындай алған жағдайда ғана ие болады. Әдетте, «**өте жақсы**» бағасы оқу материалын қолдануда, түсінуде шығармашылық қабілетті көрсете білетін, пәннің негізгі түсініктерінің өзара байланысын, олардың практикадағы мәнін меңгере білген студентке қойылады;

–«**жақсы**» бағасына бағдарламада ұсынылған негізгі әдебиеттерді меңгере алған, бағдарламада берілген тапсырмаларды сәтті орындаған,

материалды толық меңгерген студент ие бола алады. Әдетте, «**жақсы**» бағасы кәсіби іс-әрекетте және ары қарайғы оқу жұмысы барысындағы білімдерді өз бетімен жүйелендіріп, толықтырып, жаңарта алатын студенттерге қойылады.

– «**қанағаттанарлық**» бағасына бағдарлама ұсынған негізгі әдебиеттермен таныс, бағдарламамен берілген тапсырмаларды орындауға мүмкіндігі бар, ары қарай оқуға және мамандық бойынша жұмыс істеуге қажетті негізгі бағдарлама материалдарын білетін студент ие бола алады. Әдетте, «**қанағаттанарлық**» бағасы емтихан тапсырмаларын орындауда және емтихандағы берген жауабында азын – аулақ қате жіберілген студентке қойылады;

–«**қанағаттанарлықсыз**» бағасы бағдарламада берілген тапсырмаларды орындауда кешірілмейтін қате жіберген, негізгі бағдарлама материалдарын толық білмейтін студентке қойылады. Әдетте, «**қанағаттанарлықсыз**» бағасы сйкес пән бойынша қосымша сабақтары жоқ, ЖОО-нын бітіргеннен кейін кәсіби іс-әрекетке кірісе немесе оқуды жалғастыра алмайтын студенттерге қойылады.